

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Zhansugurov college» қызметінің қорытындылары және 2026-2027 оқу
жылына қойылатын міндеттер» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«30» маусым 2026 ж.

Ғылыми кеңес отырысында «Zhansugurov college» қызметінің қорытындылары және 2026-2027 оқу жылына қойылатын міндеттер» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

2025-2026 оқу жылында «Zhansugurov College» білім беру сапасын арттыру, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жетілдіру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен ғылыми әлеуетін дамыту бағытында нәтижелі жұмыс атқарған. Есептік кезеңде колледж контингентінің өсуі байқалады, жаңа мамандықтар ашу бағытында жұмыстар жүргізілген, білім алушылардың білім сапасы мен түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері тұрақты деңгейде. Педагогтардың біліктілігін арттыру, кәсіби байқауларға қатысу, ғылыми мақала жариялау және тәжірибе тарату бағытындағы белсенділігі артқан. Әлеуметтік серіктестікті дамыту, білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу, студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыру және «Адал азамат» құндылықтары негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша жүйелі шаралар жүзеге асырылған. Алдағы кезеңде білім беру сапасын жетілдіру, инновациялық оқыту әдістерін кеңінен қолдану және еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жұмыстары жалғастырылуы қажет.

«Zhansugurov college» қызметінің қорытындылары және 2026-2027 оқу жылына қойылатын міндеттер» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің техникалық және кәсіптік білім беруді бейіндеу талабына сәйкес жаңа 01130100 «Логопедия» мамандығы 5AB01130101 «Логопед қолданбалы бакалавры» біліктілігі ашылсын (**жауаптылар:** колледж директоры, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер; **орындалу мерзімі:** 31.12.2026ж.).

2. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында өткізілетін мемлекеттік аттестаттауға дайындық іс-шараларының жоспары жасалсын, жоспарға сәйкес жұмыстар іске асырылсын (**жауапты:** колледж директоры; **орындалу мерзімі:** 31.12.2026ж.).

Шешімнің орындалуын бақылау Zhansugurov college директоры Б.Ескендиrowке жүктеледі.

Басқарма Төрағасы – **Ректор М.У.А.**

Ғалым хатшы



Б. Таубаев

Г. Шүкенай

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Жаратылыстану-техникалық факультеттің Даму бағдарламасын іске асыру
аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«30» маусым 2026 ж.

Ғылыми кеңес отырысында Жаратылыстану-техникалық факультеттің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2025-2026 оқу жылындағы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырым жасалды:

1-стратегиялық бағыттың «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау» - «Білікті мамандарды даярлау», «Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету» міндеттері орындалған;

2-стратегиялық бағыттың «Нәтижелі ғылым» - «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту», «Ғылыми зерттеулерді ресурстармен қамтамасыз ету» міндеттері орындалған;

3-стратегиялық бағыттың «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру» - «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеттері толық орындалған.

Даму бағдарламасының «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау» (1.2; 1.4; 1.5 міндет тармақтары), «Нәтижелі ғылым» (1.2; 1.5; 1.8 міндет тармақтары) бойынша жұмыстарды жетілдіру қажет.

«Жаратылыстану-техникалық факультеттің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. 6B05201 «Экология», 6B07502 «Стандарттау, сертификаттау және метрология», 6B08102 «Агрономия», 6B11201 «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламаларының практикалық сабақтарын сала мекемелерінде өткізу жұмыстары жетілдірілсін (**жауаптылар:** ЖТФ деканы, кафедра меңгерушілері, деканның оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары; **орындалу мерзімі:** 01.09.2026 ж.).

2. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын арттыру үшін серіктес жоғары оқу орындарымен қысқа мерзімді алмасу бағдарламаларын іске асыру мүмкіндіктері қарастырылсын (**жауаптылар:** ЖТФ деканы, кафедра меңгерушілері, деканның оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары; **орындалу мерзімі:** 01.12.2026 ж.).

3. Факультетте шетел тілін меңгергендігін растайтын сертификаттары бар оқытушылар саны арттырылсын (**жауаптылар:** ЖТФ деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.06.2027 ж. дейін).

4. Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus базаларындағы, шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдарымен бірлескен жарияланымдар саны арттырылсын (**жауаптылар:** ЖТФ деканы, кафедра меңгерушілері, деканның ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары; **орындалу мерзімі:** 01.12.2026 ж.).

5. Білім алушылардың ғылыми үйірмелері жұмысының нәтижелерін жариялау белсенділігі күшейтілсін (**жауаптылар:** ЖТФ деканы, кафедра меңгерушілері, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; **орындалу мерзімі:** 01.12.2026 ж.).

Басқарма Төрағасы – Ректор м.у.а.

Ғалым хатшы

Б. Таубаев

Г. Шүкенай

